



ҚР ҚМ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІ

САЛЫҚ КОДЕКСІ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап

НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР

- ✓ Сараланған салық ставкалары енгізілді
- ✓ ҚҚС реформаланды
- ✓ "Сән-салтанат салығы" енгізілді
- ✓ Арнаулы салық режимдары өзгерді
- ✓ Салық жеңілдіктерін алудың ашық және нақты ережелері әзірленді
- ✓ Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру қарастырылған
- ✓ Сервистік модельге көшу жүргізіледі
- ✓ Салық есептілігінің нысандары 30%-ға қысқарды



Корпоративтік табыс салығы

Төлеушілер – Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, ҚР-да қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғалар

Төлеушілер емес – мемлекеттік мекемелер

КТС мөлшерлемесі 20%

Банк қызметі (бизнесті кредиттеуді қоспағанда) – **25%**

Ойын бизнесі – **25%**

Әлеуметтік сала (білім беру, медицина) – **5%** (2026 жылы), **10%** (2027 жылғы 1 қаңтардан)

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер - **3%**

Ауыл шаруашылығы кооперативтері – **6%**



Корпоративтік табыс салығы

Инвестициялық салық преференциялары салық төлеушінің таңдауы бойынша қолданылады және преференциялар объектісінің **бастапқы құнына** енгізілетін шығындарды шегерімге жатқызудан тұрады.

Преференциялар объектілеріне негізгі қорлардың жіктеуішіне сәйкес мынадай активтер жатады:

- ғимараттар;
- құрылыстар;
- машиналар;
- жабдық;
- **бағдарламалық қамтулар.**

Кейінгі шығыстарды шегеру (жөндеу)

Салық төлеуші **таңдауы бойынша** олар жүргізілген салық кезеңіндегі тіркелген активтер бойынша кейінгі шығыстардың сомасын:

- **шегерімдерге;**
- объектінің құндық балансын **ұлғайту немесе қалыптастыруға** жатқызуға **құқылы.**

Бухгалтерлік есепке жатқызылған кіріс немесе шығындар түріндегі валютаның нарықтық бағамының өзгеруіне байланысты теңгемен төленуге жататын талапты немесе міндеттемені **индекстеуді** (түзетуді) тану қарастырылған.

Индекстеу сыйақы деп танылмайды.

АСР жұмыс істейтін салық төлеушілермен шығыстар шегерімдерге жатқызылмайды.



Корпоративтік табыс салығы

Мүгедектігі бар адамдардың ұйымдарына салық салу

- ✓ мүгедектігі бар адамдардың орташа жылдық саны жұмыскерлердің жалпы санының кемінде 51 пайызын құрайды;
- ✓ мүгедектігі бар адамдардың еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар еңбекақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызын құрайды;
- ✓ кірістердің 90 пайызы ұйымның жұмыскерлері болып табылатын мүгедектігі бар адамдардың қатысуымен тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден және алынған кірістерді осындай ұйымның қызметін жүзеге асыруға жіберуден алса;
- ✓ мүгедектігі бар адамдар ұйымының жұмыскерлері болып табылатын мүгедектігі бар адамдар мүгедектігі бар адамдардың басқа ұйымдарымен еңбек қатынастарында тұрмаса.



КТС азайту

- ✓ мүгедектігі бар адамдар болып табылатын жұмыскерлер саны **3-тен 10-ға дейін** болған кезде есептелген корпоративтік табыс салығын **50 пайызға** азайтады;
- ✓ мүгедектігі бар адамдар болып табылатын жұмыскерлер саны **10** және одан көп болған кезде есептелген корпоративтік табыс салығын **100 пайызға** азайтады.

Корпоративтік табыс салығы

Аванстық төлемдер

Аванстық төлемдер бойынша шек **350 000 АЕК-тен 600 000 АЕК-ке дейін** ұлғайтылды

Декларация тапсырылғанға дейін аванстық төлемдер бойынша есеп алынып тасталды.

1 тоқсандағы аванстық төлемдерді есептеуді мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асырады.



Қосылған құн салығы

ҚҚС төлеушілер:

- ✓ Қазақстан Республикасында салық төлеушілер базасында қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою жүргізілген тұлғалар;
- ✓ ЕАЭО кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар.



Қосылған құн салығы

ҚҚС мөлшерлемесі

Айналымдар мен импортқа ҚҚС - **16 %**

2026 жылдың 1 қаңтарынан - 5%, 2027 жылдың 1 қаңтарынан – 10%:

1) өткізу бойынша айналымның және импорттың мөлшеріне:

- ✓ дәрілік заттар;
- ✓ медициналық бұйымдарды, медициналық бұйымдарды жинақтаушыларды, сондай-ақ техникалық қосалқы (компенсаторлық) құралдар;

2) отандық мерзімді баспа басылымдарын өткізу бойынша айналым мөлшеріне 10% төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді.

ҚҚС-тан босатылады:

- ✓ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС шеңберінде, сондай-ақ Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу үшін дәрілік заттарды өткізу және импорттау;
- ✓ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС шеңберінде, сондай-ақ Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу үшін медициналық қызметтер көрсету.

Тұрғын үй-жайды (пәтерді) сату немесе жалға беру кезінде ҚҚС-тан босату жойылады.



Қосылған құн салығы

Өткізу бойынша айналымдарды ҚҚС-тан босату:

- ✓ ішкі туризм бойынша туроператордың қызметтері (қазір тек кіру туризмі ҚҚС-тан босатылады);
- ✓ отандық басылымның кітаптары, баспа түрінде кітаптар шығару бойынша қызметтер,
- ✓ археологиялық жұмыстар.

ҚҚС бойынша айналым емес:

- ✓ арнаулы салық режимі қолданылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі айналымдар ҚҚС бойынша айналым болып табылмайды.



Қосылған құн салығы

Нөлдік ставкасы бойынша айналым жасалған күн - тауарларға арналған декларацияны тіркеу күні.

Бейрезидент үшін ҚҚС-ты растау үшін салық төлеуші ЭШФ-ны өзіне жазып беруге міндетті.

Есепке жатқызылатын ҚҚС-тың қосымша сомасы - **80%**.

Есепке алу күні - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алған күн.

ҚҚС бойынша декларация ұсынылғанға дейін **ЭШФ-да есепке алғаны туралы белгі** қояды.

ҚҚС бойынша декларацияны ұсыну – күнтізбелік тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен ерте емес және күнтізбелік тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмейтін уақыт.



Жеке табыс салығы

Жеке тұлғалардың табыстары

8500 АЕК-ке дейін	10%
8500 АЕК-тен жоғары (35 096 500 теңге)	салық салынатын кірістен 8 500 АЕК мөлшеріндегі салық сомасы + одан асатын сомадан 15%

Жеке практикамен айналысатын адамдардың табыстары - **9%**

Дивидендтер

230 000 АЕК-ке дейін	5%
230 000 АЕК-тен жоғары (949 670 000 теңге)	салық салынатын кірістен 230 000 АЕК мөлшеріндегі салық сомасы + одан асатын сомадан 15%

Дара кәсіпкердің, шаруа немесе фермер қожалығының табыстары

230 000 АЕК-ке дейін	10%
230 000 АЕК-тен жоғары (949 670 000 теңге)	салық салынатын кірістен 230 000 АЕК мөлшеріндегі салық сомасы + одан асатын сомадан 15%



Жеке табыс салығы

Жеке тұлға **салық шегерімдерінің** мынадай түрлерін қолдануға құқығы бар:

1) **әлеуметтік төлемдердің салық шегерімі** (міндетті зейнетақы жарналары; міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары; азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жеке тұлғалардың кірістерінен ұсталатын әлеуметтік аударымдар);

2) **базалық салық шегерім айына 30 АЕК (123 870 теңге)** мөлшерінде, бірақ жылына **360 еселенген АЕК-тен (1 486 440 теңге)** аспауға тиіс;

3) **әлеуметтік салық шегерімдер:**

I, II-екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік салық шегерімі - **5000 АЕК (20,6млн.теңге).**

Мына тұлғаларға жылына **882 АЕК (3,6 млн.теңге):**

- III топтағы мүгедектігі бар адам;
 - мүгедектігі бар бала;
 - Ұлы Отан соғысына қатысушы, оларға теңестірілген адам және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагері;
 - ҰОС ж.тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адам;
 - 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және ҰОС ж. тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адам;
 - он сегіз жасқа толғанға дейін әрбір мүгедектігі бар бала үшін - осындай мүгедектігі бар баланың ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі;
 - өмір бойына әрбір «бала кезінен мүгедектігі бар адам» деген себеппен мүгедектігі бар адам деп танылған осындай адам үшін - адамның ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі;
 - асырап алынған бала он сегіз жасқа толғанға дейін әрбір бала асырап алушы үшін - осындай адамдардың бірі;
 - жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына қабылдап алған әрбір ата-ана үшін - осындай адамдардың бірі.
- Жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін декларациялауды және әкімшілендіру процесін оңайлату мақсатында ЖТС бойынша асып кетуді қайтаруды болдырмау бөлігінде оқытуға, медицинаға, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыға, көп балалылар үшін салық шегерімдерінің орнына оның шегін айына 30 АЕК-ке дейін ұлғайта отырып, стандартты шегерімге ауыстыру қарастырылған.



Жеке табыс салығы

Мүліктік табыс

Мүліктің әрбір түрі бойынша жеке баптар қарастырылды.

Бағалы қағаздарды сату кезінде теріс және оң өсімді сальдо жасалады.

Тұрғын үйлерді, саяжай құрылыстарын, гараждарды, тұрақ орындарын, қоймаларды, жеке қосалқы шаруашылық объектілерін сату кезінде құн өсімінен түсетін табысты айқындау кезеңін **2 жылға дейін ұлғайтылды**.

Талап ету құқығын басқаға беруден кірісті анықтау осындай шарт жасалған күннен бастап талап ету құқығын басқаға берген күнге дейінгі кезең **3 жылдан кем мерзім етіп белгіленді**. Сондай-ақ кірісті анықтауда тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша талап ету құқығын алған күннен бастап, осындай құқығын басқаға берген күнге дейінгі кезең үш және одан аз жыл болып белгіленді.



Әлеуметтік салық

6% мөлшерлемені белгілей отырып, әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардың өзара байланысы алынып тасталды.

Өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өткізу, қайта өңдеу және осындай қайта өңдеу өнімдерін өткізу қызметтерін жүзеге асыруға байланысты салық салу объектілері бойынша **1,8%** мөлшерлемесі бойынша әлеуметтік салық есептеледі.

Әлеуметтік салық төлеушілер болып табылатын дара кәсіпкерлер немесе жеке практикамен айналысатын адамдар:
өздері үшін – **2 АЕК**;
әрбір жұмыскер үшін - **1 АЕК**.

Шаруа немесе фермер қожалықтары әлеуметтік салықты:
өздері үшін – **0,6 АЕК**;
әрбір жұмыскер үшін - **0,3 АЕК**.



Акциз

Алкоголь өніміне, коньякқа, шарапқа, сыраға, темекіге және т.б. жыл сайынғы өсіммен акциз мөлшерлемесі **10%-ға ұлғайтылды.**

2204, 2205, 2206 00 және 2208-ден,	Құны кедендік құнынан 500,0 мың теңгеге асатын алкоголь өнімін импорттау (жеке тұтырудан басқа)	құнынан 10%, теңге/литр
2402-ден	Құны кедендік құнынан 10,0 мың теңгеге асатын темекі бұйымдарын (сигараларды) импорттау (жеке тұтырудан басқа)	құнынан 10%, теңге/дана
8703-тен	Сатып алу құны тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 18 000 еселенген және одан көп мөлшерін құрайтын жеңіл автомобильдер	сатып алынған көлік құралының құнынан 10%
8903-тен	Сатып алу құны тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 24 000 еселенген және одан көп мөлшерін құрайтын кемелер	
8802-ден	Сатып алу құны тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 24 000 еселенген және одан көп мөлшерін құрайтын өуе кемелері	
2202-ден	Энергетикалық сусындар:	
	2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда	100 теңге/литр
	2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 2027 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда	140 теңге/литр
	2028 жылғы 1 қаңтардан бастап 2028 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда	180 теңге/литр
	2029 жылғы 1 қаңтардан бастап 2029 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда	200 теңге/литр
	2030 жылғы 1 қаңтардан бастап	240 теңге/литр



«Меншікке» салынатын салық

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

- ✓ Пайдалану мерзімі 10 жылдан асса, түзету коэффициенті – 0,7, 20 жылдан асса түзету коэффициенті – 0,5 қолданылады.
- ✓ Шаруа фермер қожалықтары бір пикап көлігі бойынша көлік салығын төлеуден босатылды.
- ✓ Ағымдағы төлемдердің есебі (салық есептілігі) алынып тасталды.

ЖЕР САЛЫҒЫ

- ✓ Ағымдағы төлемдердің есебі (салық есептілігі) алынып тасталды.
- ✓ Қала аумағында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша салық есептеу нақтыланды.
- ✓ Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша салықтың базалық ставкалары 40 есеге ұлғайтылады.

МҮЛІК САЛЫҒЫ

- ✓ Міндеттемелер сомасы 300 АЕК-тен аспаса, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебі тапсырылмайды.
 - ✓ Ғимараттар, құрылыстар бойынша салық базасы **мүлікті қайта бағалауды** ескере отырып, бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны болып табылады.
- Бұл ретте мүлікті мұндай бағалау **әрбір үш жылда** кемінде бір рет жүргізілуі тиіс.



Төлемақылар

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға **лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы алынып тасталды** (алкоголь өнімдерін сату, ойын бизнесі).

Өрттерден өткен учаскелерде ағаш кесуді жүзеге асырғанда, мұндай өрттердің ауданы 100 гектардан асса, **орман ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеуден босатылды**.

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы

- ✓ қатты пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдаланшылар бойынша ставкалар блоктардың санына және барлау кезеңіне байланысты;
- ✓ мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе заңнаманын бұза отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша 40 есеге дейін ұлғайтылды.

Сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы

- ✓ төлеушілер - сыртқы жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы жарнама орналастырылатын ғимараттардың (құрылыстардың) меншік иелері;
- ✓ мәслихаттар төлемақы мөлшерлемесін төмендете немесе ұлғайта алады:
 - облыстарда 50 пайыздан 100 пайызға дейін;
 - республикалық маңызы бар қалаларда 50 пайыздан 200 пайызға дейін.



Арнаулы салық режимдары

	Субъект	Объект	Кірісі бойынша шегі	Жалдамалы қызметкерлер саны	Мөлшерлеме	Қызмет түрлері
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимі (патент, мобильді қосымша)	Жеке тұлға	Кірісі	Айына 300 АЕК (1,3 млн теңге/ай.)	Жалдамалы қызметкерсіз	4% тек МЗЖ, ЖБМЗЖ, ӘА, МӘМС (ЖТС-сыз)	Қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлері тек тізімге сәйкес (ҚР ҰҚ)
Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі	ДК, ЖШС	Кірісі	600 000 АЕК жылына (2,4 млрд. теңге) + Егер жылына кірісі100 млн. теңгеден асса, еңбекақы төлеу қоры салық салынатын кірістен алынып тасталады	шектеусіз	4% В2С (жеке тұлғалармен) және В2В (бизнес субъектілерімен) (мәсихаттар 50%-ға дейін төмендете/көтере алады)	Қолдануға тыйым салынған қызмет түрлерінің тізімі (ҚР ҰҚ)
Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі	ШҚ	Салық жеңілдіктері сақталады, тек ЖТС түрінде салық салынады. БЖС алынып тасталды.			Кірістен 0,5%	



БЕЙРЕЗИДЕНТТЕРГЕ САЛЫҚ САЛУ

Роялти:

- ✓ бағдарламалық қамтылымды дамытуға қатысы жоқ қателерді, ақауларды түзетуге, осындай бағдарламалық қамтылымды пысықтап жетілдіруді жүзеге асыруға арналған **нұсқаларды қоспағанда**, осындай бағдарламалық қамтылымның **нұсқасын жаңарту** бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, бағдарламалық қамтылымды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін;
- ✓ «Ноу-хау» пайдалану үшін төленетін төлемдерді қамтиды.

«Ноу-хау» - коммерциялық құндылығы бар және кәсіби немесе кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық немесе өзге де сипаттағы құпия ақпарат.



Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу

- ✓ **барлау келісімшарттары бойынша** КТС есептеу кезінде қолданыстағы өндіру келісімшарттарына, оның ішінде сәтсіз барлау бойынша шығыстарды ауыстыру *(бұрын тек қана мұнай-газ өндіру келісімшарттарына ауыстыруға жол берілген);*
- ✓ тау-кен саласында қолданыстағы капиталды көп қажет ететін жобаларды **5 жылға пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтан босату;**
- ✓ техногендік минералдық түзілімдердің (ТМТ) құрамынан алынған **пайдалы қазбаларға салынатын салық 10 есе төмендетілді;**
- ✓ жаңа қатты пайдалы қазбалар кен орындары үшін **2027 жылғы 1 қаңтардан бастап роялти** енгізу *(НДПИ орнына);*
- ✓ уран концентратының **өндіру көлемін және әлемдік бағасын** ескеретін өндірілген уран үшін гибриді шкаланы енгізу *(бұрын тіркелген мөлшерлеме);*
- ✓ өндірілген алтын мен күміске пайдалы қазбаларға салынатын салықты прогрессивті салу, **әлемдік бағаларға байланысты** 7,5% -дан 11% - ға дейін;
- ✓ жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерінің сараланған шкаласы енді геологиялық барлау жұмыстарының мерзімдерінен басқа барлауға лицензия алынған **блоктардың санын қосымша ескереді.**



ТАЛАП ҚОЮ МЕРЗІМІ

5 жыл:

- ірі кәсіпкерлік субъектілері;
- жер қойнауын пайдалану бойынша келісімге сәйкес қызмет;
- бақылауында шет елдік компаниялары бар резиденттер;
- есепке алу әдісімен төленген импортталған тауарлар үшін ҚҚС бөлігінде ҚҚС төлеушілері.

3 жыл:

- қалған салық төлеушілер.

Талап қоюдың ескіру мерзімі салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есепке жазу және (немесе) олардың есептелген сомасын қайта қарау бөлігінде салық төлеуші (салық агенті) талап қоюдың ескіру мерзімі күнтізбелік бір жылға жетпей өтетін кезеңдегі **қосымша салықтық есептілікті немесе хабарлама бойынша салықтық есептілікті** ұсынған жағдайда – күнтізбелік бір жылға **ұзартылады**.

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есепке жазу және (немесе) олардың есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарау бөлігінде талап қоюдың ескіру мерзімі **салықтық тексеру басталған күннен бастап** салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама орындалған күнге дейінгі кезеңге **тоқтатыла тұрады**.



МІНДЕТТЕМЕНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз етудің тәсілдері:

- 1) өсімпұлды есептеу;
- 2) шығыс операцияларын тоқтата тұру;
- 3) мүлікке билік етуді шектеу;
- 4) ЭШФ жазып беруді тоқтата тұру;
- 5) шетелдік компанияның интернет-ресурстарына немесе интернет алаңына кіруді Республика аумағында шектеу.



САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУ

Салықтық әкімшілендіру мыналарды қамтиды:

- 1) салықтық тіркелу;
- 2) бақылау-касса машиналарын қолдану;
- 3) салықтық нысандарды қабылдау;
- 4) салықтық міндеттеменің, әлеуметтік төлемдерді, айыппұлдар мен өсімпұлдарды аудару жөніндегі міндеттің орындалуын есепке алу;
- 5) салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту;
- 6) қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану;
- 7) камералдық бақылау;
- 8) электрондық шот-фактуралардың жазып берілуін бақылау;
- 9) салықтық мониторинг;
- 10) салықтық бақылау;
- 11) бақылаудың өзге де нысандары;
- 12) салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

- ✓ Салық төлеушілерді тәуекел дәрежесі бойынша санаттау жойылады, салықтық және өзге де заңнаманы орындамау тәуекелдерін анықтауға **қайта бағдарланған**.
- ✓ **Тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты** - салықтық әкімшілендірудің бизнес-процестерінің "осал" тұстарын анықтау және ерікті түрде қарапайым орындау үшін жағдай жасау.



ТІРКЕУ ЕСЕБІ

Қосылған құн салығын төлеушіні тіркеу есебіне:

- 1) ерікті түрде қою;
- 2) міндетті түрде қою;
- 3) шартты түрде қою.

Айналымның шекті шегі - **10 000 АЕК**.

Салықтық өтініш айналымның шекті шегінен асқан күннен бастап **5 жұмыс күнінен** кешіктірілмей беріледі.

Тіркеу есебінен шығару:

- 1) салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібінен арнаулы салық режиміне көшкен кезде;
- 2) салық төлеушінің қызметі тоқтатылған немесе ол таратылған кезде.

Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні

ТІРКЕУ ЕСЕБІНЕ қоюға міндеттейтін қызмет түрлеріне

тауарлардың **электрондық саудасын** жүзеге асыратын салық төлеушілер санаты қосылды.



САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

Салық есептілігінің нысандары 30%-ға қысқарады.

- ✓ жер салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебі жойылды;
- ✓ салық сомасы 1 млн теңгеден кем болған кезде мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебі жойылды;
- ✓ арнаулы салық режимі және ҚҚС бойынша декларацияны алдын ала толтыру жүзеге асырылады;
- ✓ салық есептілігі белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, мұндай есептілігі «0»-дік көрсеткішпен ұсынылған болып есептеледі. Салық төлеуші осы салық кезеңі үшін қосымша салық есептілігін ұсына алады;
- ✓ салық есептілігін ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік жойылады;
- ✓ салық есептілігін ұсыну мерзімін ұзарту мен кері қайтарып алу қарастырылмаған. Барлық өзгерістер қосымша декларациялар арқылы жүзеге асырылады.



ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫН ҚАЙТАРУ

Жалпы салық салынатын айналымда кемінде 50% нөлдік айналымы бар салық төлеушілердің барлық санаттары үшін

ҚҚС қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдану мүмкіндігі берілді.

**шарт - егер орындалмаған хабарламасы болмаса және қайтару туралы талап берілген күннің алдындағы 12 ай ішінде салықтық тексеру нәтижелері бойынша қайтаруға расталған ҚҚС асып кеткен сомасы болса*

ҚҚС қайтару мерзімі - 55 жұмыс күніне дейін қысқартылды.



САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУДІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ (БӨЛІП ТӨЛЕУ)

Салықтарды төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) ережелері:

- Уәкілетті орган бекіткен критерийлерге сәйкес келетін салық төлеушілер үшін (еңбек өтілінің болуы, негізгі құралдардың және қызметкерлердің болуы және т.б.) кепілді мүліксіз және банк кепілісіз бөліп төлеуге мүмкіндік берумен толықтырылды.

Деңгейлес мониторингке қатысушыға кейінге қалдыру (бөліп төлеу) мүлік кепілінсіз және банктік кепілдіксіз беріледі.

Өнім өндіруге арналған тауарлар (шикізат) бойынша импортқа **ҚҚС төлеуді кейінге қалдыру көзделген.**

** Осындай қайта өңдеу кезінде алынған өнімді өндіруге арналған Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлардың, сондай-ақ осындай тауарларды импорттайтын Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің тізбелерін уәкілетті орган бекітеді.*



КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ

- ✓ Бақылау бұзушылықтарды анықтаудан алшақтықтарды анықтауға **қайта бағытталды.**
- ✓ **Камералдық бақылаудың мақсаты** - салық төлеушіге (салық агентіне) салықтар мен бюджетке төлемдерді есептеу бойынша салық міндеттемелерін дербес түзету құқығын беру.
- ✓ **Хабарламаны орындау жолдары:**
 - алшақтықтар расталған жағдайда салық есептілігін ұсыну;
 - алшақтықтармен келіспеген жағдайда - түсініктеме беру.

**Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, ЭШФ жазылуын тоқтата тұру түсініктеме берілмеген жағдайда ғана жүргізілетін болады.*



ЭШФ ЖАЗЫП БЕРІЛУІН БАҚЫЛАУ

ЭШФ жазып берілуін бақылау нысандары:

1) ЭШФ жазып берілуін автоматтандырылған бақылау;

$$\text{Баланс} = \begin{matrix} \text{ҚҚС} \\ \text{(алынған ЭШФ)} \end{matrix} + \begin{matrix} \text{ҚҚС} \\ \text{(импорт)} \end{matrix} + \begin{matrix} \text{ҚҚС} \\ \text{(бейрезидент)} \end{matrix} - \begin{matrix} \text{ҚҚС} \\ \text{(жазылған ЭШФ)} \end{matrix}$$

2) ЭШФ жазып берілуін салыстырмалы бақылау нысанында жүргізіледі (бұрын ЭШФ жазып беруін тоқтата тұру)



* ЭШФ жазып берілуін автоматтандырылған бақылау салық төлеушілердің жекелеген санаттарына қатысты жүргізіледі

САЛЫҚТЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР

- ✓ **Жоспарлы тексерулер** алынып тасталады
- ✓ ШОБ субъектісін салықтық тексеру барысында құжаттарды ұсыну туралы **талап тек 2 рет табыс етіледі**
- ✓ Шағын және орта бизнес субъектілері үшін тексеру жүргізудің жалпы мерзімін **180 күнтізбелік күнге дейін** шектеу белгіленген
- ✓ Салық органының қызметкерлері тексерілетін салық төлеушімен **электрондық тәсілмен салық төлеушінің кабинеті арқылы** әрекет етеді *(салықтық тексеру құжаттарын, түсіндірмелерді, тексеру актісі мен хабарламасын веб-портал арқылы электрондық тәсілмен тапсыру мүмкіндігі енгізіледі)*
- ✓ Нұсқама қолма-қол табыс етіледі



САЛЫҚ БЕРЕШЕГІН МӘЖБҮРЛЕП ӨНДІРУ

- ✓ Барлық салық төлеушілер үшін - өсімпұлды есептеуде Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне **1,25** еселенген мөлшері қолданылады.
- ✓ Деңгейлес мониторингке қатысушы үшін - **0,65** еселенген мөлшері қолданылады.
- ✓ Салықтық берешектің мөлшері **20 АЕК-ке дейін** - хабарламаны жолдау және өсімпұлды есептеу;
- ✓ Салықтық берешектің мөлшері **20-дан 45 АЕК-ке дейін** - хабарлама жіберу, өсімпұл есептеу, шоттарды бұғаттау және инкассалық өкімдер шығару;
- ✓ Салықтық берешектің мөлшері **45 АЕК-тен астам** - мүлікке тыйым салуды, дебиторлардан өндіріп алуды қоса алғанда, барлық өндіріп алу шаралары;
- ✓ **27 000 АЕК-тен астам** - шет елге шығуға тыйым салу (*сот шешімі бойынша 3 айдан астам берешек өтелмеген жағдайда*).
- ✓ Тәуекел дәрежесін есепке алмай, **әлеуметтік төлемдер бойынша 6 АЕК-тен астам мөлшердегі берешекті өндіріп алу қарастырылған.**
- ✓ Екі ай қатарынан 2500 АЕК мөлшеріндегі салық берешегі болса, борышкердің банк шоттары бойынша қаражаттың қозғалысы туралы мәліметті ұсыну

